

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Келісім, Пекин қ., 1992 жылғы 10 тамыз

*** Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 10, 68-құжат.**

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы, төменде "Тараптар" деп аталатын, екі ел арасында достық байланыстарды нығайту мен мәдени ынтымақтастықты дамыту мақсатында осы Келісімді былайша жасады:

1-бап

Тараптар теңдік пен өзара тиімділік қағидаларына сай мәдениет, білім беру, қоғамдық ғылымдар, денсаулық сақтау, спорт, баспа істері, баспасөз, радиохабар, телевизия мен кинематография салаларында алмасу мен ынтымақтастықты ынталандыру және қолдауға келісті.

2-бап

Тараптар мәдениет пен өнер салаларындағы алмасу мен ынтымақтастықты келесі мазмұнда жүзеге асыруға келісті:

1. Жазушылар мен өнер қайраткерлерінің топтарын алмасу.
2. Көркемөнер ұжымдарын алмасу.
3. Мәдениет пен өнер көрмелерін алмасу.

Өздерінің мүмкіндіктеріне орай мәдениет және өнер салаларында әдебиеттер алмасу.

3-бап

Тараптар білім беру саласындағы алмасу мен ынтымақтастықты келесі мазмұнда жүзеге асыруға келісті:

1. Қажеттілігіне сәйкес оқытушылар, ғалымдар мен мамандар алмасу;
2. Қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай стипендиялар үлесін өзара беру;
3. Куәліктерді, аттестаттарды, ғылыми дәрежелер мен атақтарды өзара мойындау туралы Келіссөз қорытындысын жасау мүмкіндігін үйрену;
4. Екі елдің жоғары оқу орындарының арасында тікелей байланыстар мен ынтымақтастық орнауын ынталандыру және қолдау;
5. Екі елдің білім беру мекемелері арасындағы оқулықтар мен басқа да

педагогикалық әдебиеттердің алмасуына ықпал жасау;

6. Өз елінде өткізілетін халықаралық ғылыми конференцияларға қатысатын ғалымдар мен мамандарға көмек көрсету.

4-бап

Тараптар екі елдің спорт пен туристік мекемелері арасында байланыстар мен ынтымақтастықты нығайтуға келісті. Тараптардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сай екі елдің спортшылары арасындағы достық сапарларды, жолдастық жарыстарды, жаттықтырушылар мен спорт командаларын ынталандыратын болады.

5-бап

Тараптар екі елдің мұражайлары мен кітапханалары арасында алмасу мен ынтымақтастықты жүзеге асыруға келісті.

6-бап

Тараптар баспасөз, кітап шығару, радиохабарлар, телевизия мен кинематография салаларында алмасу мен ынтымақтастық жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізді.

7-бап

Тараптар таныстыру, дәріс оқу және материалдар алмасу үшін қоғамдық ғылымдар саласында, қоғамдық ғылымдар қызметкерлерін алмасуды қоса, ынтымақтастықты жүзеге асыруға келісті.

8-бап

Тараптар екі елдің денсаулық сақтау мекемелерінің өз араларында тікелей байланыс жасауын қуаттап, құптайды.

9-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру үшін нақты жоспарлар жасайтын болады және қ а р ж ы м ә с е л е с і н к е л і с е д і .

Екі жақтың ұқсас мекемелері осы Келісімнің негізінде ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі басқа да келісімдерге қол қоя алады.

10-бап

Қол қойылған күннен бастап күшіне енетін осы Келісім 5 жылдық мерзімге жасалынды. Егер Тараптардың бірде-бірінен осы Келісімнің ағымындағы кезеңнің өтуінен алты ай бұрын әрекетінің тоқтатылуы жөнінде басқа Тарапқа жазбаша өтініш жасалынбаса, оның әрекет мезгілі келесі бесжылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

Қазақ және қытай тілдеріндегі күші бірдей екі данадағы текстерге Пекин қаласында 1992 жылғы 10 тамыз күні қол қойылды.

Әрбір Тараптарға осы Келісімнің даналарымен бірге орыс тіліндегі ресми аударма тексті қалдырылды.

(Қолдары)